

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 213 (9531) ||

1954 жылғы

26

октябрь

Сейсенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының дем беруші және бастаушы ұлы күші—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған

Ұ Р А Н Д А Р Ы

1. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы жасасын!

2. Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің халықаралық ынтымағы жасасын!

3. Бейбітшілік үшін, демократия үшін, социализм үшін күресіп жатқан барлық халықтарға туыскандық сәлем!

4. Барлық елдердің еңбекшілері! Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады, нығаяды! Бейбітшілік жолындағы күресте халықтардың бірлігін нығайтыңдар!

Халықтар арасындағы баянды бейбітшілік жасасын!

5. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты қозғалысы жасасын! Барлық елдердің еңбекшілері, дүниежүзілік жаңа соғыстың қатеріне қарсы, халықтар арасындағы бейбіт ынтымақ үшін белсене күресіңдер!

6. Барлық елдердің еңбекшілері! Атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын басқа да қаруға тыйым салу үшін, қару-жарақты жаппай азайту үшін күресіңдер!

7. Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы, агрессияшыл соғыс топтарын құруға қарсы күресте қалықтардың ынтымағы нығая берсін!

Барлық еуропалық халықтардың баянды бейбітшілігі және коллективтік хауіпсіздігі үшін күресейік!

8. Халық шаруашылығын онан әрі өркендету үшін, халықтардың әл-ауқатын үнемі арттыра беру үшін, социалистік қоғам орнату үшін ойдағыдай күресіп жатқан халықтық демократия елдерінің еңбекшілеріне туыскандық сәлем!

Халықтық-демократиялық елдер мен Совет Одағының мызғымас достығы және ынтымағы жасап, нығая берсін!

9. Халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендету үшін, елді индустрияландыру үшін, социализм негіздерін орнату үшін ойдағыдай күресіп жатқан ұлы қытай халқына туыскандық сәлем!

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қуатты факторы— совет және қытай халықтарының мызғымас достығы мен ынтымағы жасап, көркейе берсін!

10. Халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін, бейбітшілік үшін, Кореяны демократиялық негіздерде ұлттық жағынан біріктіру үшін күресіп жатқан Корея Халық-Демократиялық Республикасының қаһарман халқына туыскандық сәлем!

11. Бейбітшілік және демократия үшін, Отанының халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін күресіп жатқан Вьетнам Демократиялық Республикасының қаһарман халқына туыскандық

бастырудың және совет халқының әл-ауқатын арттырудың негізі— еңбек өнімділігін арттыру жолындағы бүкілхалықтық қозғалысты өрістетейік!

25. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктер, мастерлер! Өнімнің барлық түрлерін өндіру жоспарын орындау үшін күресіңдер! Өндірістің жаңа резервтерін ашып, пайдаланыңдар! Ғылымның, техниканың және озат тәжірибенің табыстарын өндіріске кеңінен енгізіңдер! Өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміте беріңдер!

26. Көмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Барлық шахталардың өндірістік жоспарларды орындауына жетіндер, өндірісті ұйымдастырудың циклдік әдісін енгізіңдер! Жаңа шахталар мен разрездерді шапшаң салыңдар, олардың жобадағы қуатын менгеріңдер! Халық шаруашылығына көмірді көп берейік!

27. Мұнай өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Мұнай шығаруды және айыруды арттыру үшін күресіңдер, скважиналарды шапшаң бұрғылау әдістерін кеңінен енгізіңдер! Мұнайдың жаңа кендерін шапшаң игеріп, жаңа заводтар салыңдар! Жоғары сапалы мұнай мен мұнай өнімдерін көп берейік!

28. Совет металлургтері! Металлургия және кен-руда кәсіпорындарының қуаттарын пайдалануды жақсартыңдар, өндіріс технологиясын жетілдіре беріңдер! Әрбір кәсіпорынның жоспарларды бүкіл номенклатура бойынша орындауына жетіндер! Елімізге шойынды, болатты прокатты, түсті металдарды көп берейік!

29. Электротехника және радиотехника өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жоғары сапалы жабдықтар, приборлар және аппараттар жасауды барынша арттыра беріңдер! Халық үшін мәдени-тұрмыста пайдаланылатын товарларды көбірек шығарыңдар!

30. Электр станцияларының қызметкерлері! Жаңа энергетикалық қуаттарды іске тезірек қосыңдар, озат техниканы кеңінен енгізіңдер!

31. Машина жасау кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа машиналар, приборлар және жабдықтар өндірісін ұлғайтыңдар, олардың сапасын арттырыңдар! Тракторларды, автомобильдерді, комбайндарды, ауылшаруашылық машиналарын және запас бөлшектерді көп шығару үшін қажырлылықпен күресіңдер!

32. Химия өнеркәсібінің қызметкерлері! Минералды тыңайтқыштар, жоғары сапалы бояулар және халық шаруашылығына қажетті басқа да химия өнімдерін көп шығарыңдар!

45. Совхоз қызметкерлері! Егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыра беріңдер! Өндірісті ұйымдастыру және техниканы пайдалану ісін жақсартыңдар, өнімнің өзіндік құнын кеміте беріңдер! Барлық совхоздарды жоғары товарлы үлгілі шаруашылықтарға айналдырайық!

46. Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері! Халық тұтынатын товарларды, шаруашылық құрал-саймандарын және құрылыс материалдарын өндіру ісін арттырыңдар! Бұйымдардың сапасын арттырып, өзіндік құнын кемітіңдер, жергілікті шикізатты жақсы пайдаланыңдар! Халықтың тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар жүйесін ұлғайтып, олардың жұмысын жақсартыңдар!

47. Мемлекеттік және кооперативтік сауданың қызметкерлері! Қала мен деревняда совет саудасын барынша өрістетіңдер, еңбекшілердің қажетті товарлар жөніндегі тілектерін қанағаттандырып отырыңдар! Совет саудасының мәдениетін арттыру үшін күресіңдер! Ауылшаруашылық өнімдері мен шикізатты дайындау және сатып алу ісін ұйымдастыруды жақсартыңдар!

48. Темір жол транспортының қызметкерлері! Жүк тасымалын арттыру және жолаушыларға қызмет ету ісін жақсарту үшін күресіңдер! Вагондардың жүк көтеретін қуатын толық пайдалануға, поездардың шапшаңдығын арттыруға, вагондар мен локомотивтердің айналымын тездетуге жетіндер! Темір жолдардың қысқы жағдайда тыңғылықты және кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етейік!

49. Теңіз және өзен флотының қызметкерлері! Жүк тасымалының жоспарын орындау үшін күресіңдер! Флот пен порттарды пайдаланудың озат әдістерін батыл қолданыңдар! Флотты 1955 жылғы кеме жүзу маусымына үлгілі әзірлеуді қамтамасыз етейік!

50. Автомобиль транспорты мен тас жолдардың қызметкерлері! Автотранспортпен жүк тасуды арттырыңдар, жолаушы тасу ісін жақсартыңдар! Автомобиль транспортын жақсы пайдаланып, тас жолдарды үлгілі ұстандар! Жаңа жолдар салу ісін ұлғайтыңдар!

51. Байланыс қызметкерлері! Байланыс құралдарын тынбастан өркендетіп, жетілдіре беріңдер! Почтаның, телеграфтың, телефонның, радионың мінсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіңдер! Халыққа қызмет етуді жақсартыңдар!

52. Совет мекемелерінің қызметкерлері! Мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіре беріңдер, бюрократтық пен қағазбастылықты жойыңдар! Мемлекеттік тәртіпті нығайту және социалистік заңдылықты қатаң сақтау үшін күресіңдер! Еңбекшілердің тілектері мен қажеттеріне тыңғылықты көңіл бөліңдер! Мемлекеттік ап-

12. Батыс Германияны дүниежүзілік үшінші соғыс ошағына айналдырудың қылмысты жоспарларына қарсы күресіп жатқан Германияның бейбітшілік күштеріне сәлем!

Біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшілік Германия құру жолындағы күрестің сенімді тірегі—Герман Демократиялық Республикасы жасасын! Европада бейбітшілікті нығайту игілігіне герман және совет халықтарының арасындағы мызғымас достық артып, нығая берсін!

13. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің игілігіне Совет Одағы мен Индия халықтары арасындағы достық және ынтымақ ұлғайып, нығая берсін!

14. Империалистік езушілікке қарсы, өздерінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан отар және тәуелді елдердің халықтарына туысқандық сәлем!

15. Англия, Америка Құрама Штаттары және Совет Одағы халықтарының халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету жолындағы, соғысқа жол бермеу және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресінде олардың достығы жасасын!

16. Совет Одағы халықтарының және Франция мен Италия халықтарының бейбітшілік жолындағы, герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы, Европада коллективтік хауіпсіздік орнату жолындағы күресінде олардың арасындағы достық пен ынтымақ нығая берсін!

17. Ұлттық тәуелсіздік үшін, Отанын демократиялық негізде өркендету үшін, жапон милитаризмін қайта тудыруға қарсы және Жапонияны империалистердің Қыйыр Шығыстағы соғыс тірегіне айналдыруға қарсы ерлікпен күресіп жатқан жапон халқына сәлем!

18. Совет Одағының бейбітшілік сыртқы саясаты—бейбітшілікті сақтаудың және баянды етудің мызғымас саясаты, жаңа соғыс әзірлеуге және бастауға қарсы күрестің саясаты, халықаралық ынтымақтың және барлық елдермен іскерлік байланыстарды өркендетудің саясаты жасасын!

19. Совет Армиясы мен Флотының жауынгерлері! Әскери және саяси білімдерінді қажырлықпен арттыра беріңдер, жауынгерлік шеберліктерінді жетілдіре беріңдер, жаңа техника мен қару-жарақты меңгеріңдер!

Отанымыздың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің күзетінде тұрған, жеңістердің даңқына бөленген Совет Қарулы Күштері жасап, нығая берсін!

20. Совет Одағының еңбекшілері! Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне тығыз топтаса түсейік, күшіміз бен творчестволық жігерімізді елімізде коммунистік қоғам орнатудың ұлы ісіне жұмылдырайық!

Партияның, үкметтің және халықтың мызғымас бірлігі жасасын!

21. Советтік құрылыстың бұлжымас негізі—жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағы жасасын!

22. Көп ұлтты социалистік мемлекеттің күші мен қуатының қайнар бұлағы—еліміздің халықтарының туысқандық достығы жасасын!

23. Совет Одағының еңбекшілері! Партия мен Үкметтің советтік экономиканы онан әрі өрге бастыруға, халықтың материалдық және мәдени әл-ауқатын арттыра беруге, Отанымыздың қуаты мен хауіпсіздігін нығайта беруге бағытталған саясатын жүзеге асыру үшін күресіңдер!

24. Совет Одағының еңбекшілері! Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста жаңа табыстарға жетіңдер! Халық шаруашылығын онан әрі өрге

күресіңдер!

33. Құрылысшы жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктер! Жаңа кәсіпорындарды, совхоздар мен машина-трактор станцияларын, тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, балалар мекемелері мен мәдениет мекемелерін тезірек салыңдар! Құрылыстың құнын арзандатып, сапасын арттырыңдар!

34. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Цемент, темір-бетон конструкциялар, бөлшектер, барлық бұйымдар мен материалдар өндіруді арттырыңдар! Отанымыздың құрылыстары үшін жоғары сапалы құрылыс материалдарын көп берейік!

35. Ағаш, қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Ағаш дайындауды және қағаз өндіруді арттырыңдар! Еңбек өнімділігін арттырып, механизмдерді толық пайдаланыңдар! Елімізге жоғары сапалы ағаш материалдарын, қағазды және мебельді көп берейік!

36. Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібінің қызметкерлері! Жақсы және әдемі маталарды, жарасымды киімдерді, мықты және сәнді аяқкиімді, жоғары сапалы басқа да товарларды көп беріңдер! Шығарылатын өнімнің ассортиментін ұлғайтып, шикізатты үнемді пайдаланыңдар! Көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл өрге бастыруды қамтамасыз етейік!

37. Азық-түлік товарлары, ет және сүт өнімдері өнеркәсібінің қызметкерлері! Азық-түлік товарлар өндірісін барынша ұлғайтыңдар, олардың сапасын жақсартыңдар! Халық үшін қантты, неше түрлі майды, ет, сүт өнімдерін және басқа өнімдерді көп берейік!

38. Балық өнеркәсібінің қызметкерлері! Балықты көп аулаңдар, балық шаруашылығын өркендетіңдер, шығарылатын өнімнің сапасын арттырыңдар! Кәсіпшілік флоты мен балық аулау құралдарын жақсы пайдаланыңдар!

39. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын мейлінше өрге бастыру үшін күресіңдер! Елімізге астықты, сүтті, етті, жүнді, мақтаны, зығарды, қант қызылшасын, картопты, овошты және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп берейік!

40. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еңбек өнімділігін арттырып, еңбек тәртібін нығайта беріңдер! Ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын зерттеп үйреніп, кеңінен қолданыңдар! Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайта беруді, колхоз табыстарын молайтып, колхозшылардың әл-ауқатын арттыра беруді қамтамасыз етейік!

41. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Барлық дақылдардан мол өнім алуға ұмтылыңдар! Астық шаруашылығын өркендетіп, нығайта беру үшін тынбастан күресіңдер! Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру үшін, 1955 жылы егіннен мол өнім алу үшін социалистік жарысты өрістетіңдер! Елімізге қосымша жүздеген миллион пұт астық берейік!

42. Колхоздардың, совхоздардың және машина-трактор станцияларының қызметкерлері! Қоғамдық мал шаруашылығын барынша өркендете беріңдер, мал санын көбейтуге және оның өнімділігін арттыруға жетіңдер! Малдың жақсы қыстап шығуын қамтамасыз етейік! Елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп берейік!

43. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және совхоз қызметкерлері! Техникалық дақылдар, овош және картоп өндіруді ұлғайтыңдар! Бұл дақылдардың шығымдылығын арттыруға жетіңдер, өндіріске механизация және озат агротехника енгізіңдер!

44. Машина-трактор станцияларының қызметкерлері! Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру үшін, қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін күресіңдер! Тракторлардың, комбайндардың және басқа машиналардың мезгілінде жөнделуін қамтамасыз етейік!

53. Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының қызметкерлері! Советтік ғылым мен техниканы алға бастыра беріңдер! Ғылыми жұмыстағы кемшіліктерді батыл сынға алыңдар! Халық шаруашылығын өркендетуде және еліміздің техникалық прогресін қамтамасыз етуде советтік ғылымның ролін арттыра беріңдер! Мамандар даярлау ісін жақсартыңдар!

54. Әдебиет және искусство қызметкерлері! Совет әдебиеті мен искусствосын онан әрі өркендету үшін күресіңдер! Творчествоның идеялық және көркемдік дәрежесін арттыра беріңдер! Ұлы халқымызға лайықты шығармалар жасаңдар!

55. Халық ағарту қызметкерлері! Мектептегі оқу және тәрбие жұмысының сапасын арттыра беріңдер! Балаларды Советтік Отанға сүйіспеншілік және берілгендік рухында, халықтар арасындағы достық рухында тәрбиелендер! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді және еңбек сүйгіш азаматтарын, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын даярлаңдар!

56. Медицина қызметкерлері! Халықтық денсаулық сақтау ісін жақсартып, өркендете беріңдер, емдеу және санитария мекемелерінің жұмысында мәдениетті арттырыңдар! Медициналық ғылымның табыстарын практикаға енгізіңдер!

57. Совет кәсіподақтары! Еңбек өнімділігін арттыру үшін, халықшаруашылық жоспарларын орындау және асыра орындау үшін социалистік жарысты кең өрістетіңдер! Өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін тарата беріңдер! Жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін онан әрі арттыра беруге тынбастан қамқорлық жасаңдар!

Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтары жасасын!

58. Совет әйелдері! Халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында, совет халқының игілігі мен бақыты үшін балаларды тәрбиелеудің игі ісінде жаңа табыстарға жете беріңдер!

Коммунизмнің белсенді құрылысшылары — совет әйелдері жасасын!

59. Коммунизмнің жас құрылысшыларының алдыңғы қатарлы отряды, совет жастарының ұйымдастырушысы, Коммунистік партияның белсенді көмекшісі және резерві— Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы жасасын!

60. Жігіттер мен қыздар, біздің даңқты совет жастары! Шаруашылық және мәдениет құрылысына, еліміздің бүкіл қоғамдық-саяси тұрмысына белсендірек қатысыңдар! Озат ғылым мен техниканың табыстарын қажырлықпен зерттеп үйреніңдер, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің тетіктерін меңгеріп алыңдар! Елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісінің жеңуі жолындағы күресте табанды және батыл болыңдар!

61. Пионерлер мен мектеп оқушылары! Табандылықпен және қажырлықпен білім алыңдар! Еңбек сүйгіш және тәртіпті болыңдар, оқуда табысқа жете беріңдер!

62. Коммунистер мен комсомолецтер! Біздің социалистік өнеркәсібімізді онан әрі гүлдендіру жолындағы, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жолындағы, совет халқының әл-ауқатын үнемі арттыра беру жолындағы, ССРО-да коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болыңдар!

63. Еліміздің халықтарының достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

64. Коммунизм құрылысшысы — ұлы совет халқы жасасын!

65. Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының дем беруші және бастаушы ұлы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

66. Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің жеңісіне қарай алға басайық!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті

